

2022-2023 оқу жылының тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар туралы мәлімет

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп КММ-де 2022-2023 оқу жылының басталуына арналған 1-қыркүйек "Білім күні" және "Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" тақырыбында "СЫҢҒЫРЛА, КҮМІС ҚОҢЫРАУ" атты салтанатты іс-шара өтілді. Салтанатты іс-шараға аудандық білім бөлімінің әдіскері Шерова А., ауыл биі Сейтқұлов Ж., қамқоршылық кеңесінің мүшесі Аманов Б., зейнеткер ұстаздар Жумашов О., Жуманов Д., Құдайбергенова Г., 1 сынып оқушыларының ата-аналары қатысты. Мектеп директоры Оспанов Ералы Ережепұлы ұжым мүшелерін, ата-аналарды, оқушыларды 2022-2023 оқу жылының басталуымен құттықтап, сәттілік тіледі. Сынып жетекшілер "Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" тақырыбында бірыңғай сынып сағатымен биылғы оқу жылының алғашқы сабағын жалғастырды.

5 қыркүйек – Тілдер мерекесіне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ұ.Нурманкулова мен Н.Омарованың ұйымдастыруымен "Тіл - тілегім, соғып тұрған жүрегім" атты, Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жылдығына 10-11 сынып оқушылары арасында ақынның өмірі мен шығармашылығы орындалды. Осы тілдер мерекесі қарсаңында музыка пәнінің мұғалімі П.Идрисова "Мен елімнің болашағымын" атты патриоттық әндер сайысын өткізді. Сайыс жоғары деңгейде өткізілді.

Отбасы күні мерекелеу шеңберінде 2022 жылғы 12 қыркүйек күні "Отбасы - бақыт мекені", ("Семья- основа духовного возрождения") республикалық апталық мектепте өткізілді. Апталықта "Отбасым - менің мақтанышым", "Менің отбасым" тақырыбында 1-11 сынып оқушылары мен ата -аналары видеоролик жасады.

13.09 2022 күні қыздар жиналысы өтті. 2022-2023 оқу жылы "Қыз Жібек", "Қызғалтақ" қыздар ұйымының жылдық жоспары бекітіліп, кестеге сәйкес 5-11 сынып қыздар арасында жиналыс өткізілді. Жиналысқа ДТІЖО Ш.Байшанова, мектеп медбикесі З.Қалдыбаева, мектеп психологы Г.Мырзахметова, қыздар ұйымының жетекшісі Н.Омарова, С.Таубаева қатысты. Қыздар жиналысында қыздардың тәртібі мен тазалығы, классикалық үлгідегі мектеп формасы аталып өтілді. Мектеп медбикесі қыз баланың жеке бас гигиенасы туралы толығымен түсіндірді. Мектеп психологы қыздар арасында жақсы қарым-қатынаста болу, достық сезімін жоғарылату мақсатында видеоролик көрсетті.

23.09.2022 күні ұлдар жиналысы өткізілді. Мақсаты: ер балалар арасындағы зиянды әдеттердің алдын алу, баланың бос уақытын тиімді пайдалану, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлықты қалыптастыру. Жиналысқа 9,10,11 сынып ер балдары қатысты. Жиналысқа Қазығұрт АПБ ЖПК ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Икрам Нурхан Сапарғалиұлы қатысып жасөспірімдердің түнгі сағат 23.00-ден кейін жүруге болмайтыны туралы айтып, түсіндірме жұмысын жүргізді. Сонымен қатар оқу ісінің орынбасары С.Нуржанов, мектептің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері өз пікірлерін білдірді.

Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Б.Туреханов мырзаның ұсыныс хатына сәйкес ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 26.09.2022 күні "Қыз Жібек" қыздар клубы Рабат ауыл ауруханасының акушер-гинекологі Б.Нақыпалиева, психологы Г.Изтаева, социолог Д.Абдукаримовамен кездесу өткізілді. Кездесуге 8,9,10,11 сынып қыз балалары қатысты. Жиналыста қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында әңгімелер жүргізілді. Онда қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болады, оның адам өмірінде тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай, тағы басқа да осындай үлкен сұрақтардың төңірегінде әңгіме қозғалды.

1 қазан қарттар күніне орай зейнеткер ұстаздарды 5-11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері "Ұстаздар күнімен" құттықтап қайтты. 3 «Б» сыныбы сынып жетекшісі: Турғанова Э. «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты; ұстаздар мерекесімен құттықтау, ұстазды құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Сабақ барысында оқушылар ұстаздар жайлы өлең – жырларайтылып, ән-билер биленді. Сабақ жоғары дәрежеде өткізілді. 9 «А» сынып оқушылары сынып жетекшісі: Абуова А. «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Сабақта оқушылар жоғары дәрежеде дайындалып, ән-жырлар айтылып, билер биленіп, ұстаздар туралы көріністер көрсетілді.

25 қазан Республика күніне орай мектебімізде 10 күндік іс-шаралары өткізілді.

14 қазан күні 10-11 сынып оқушылары арасында "Менің арманымдағы Қазақстан" тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар өз Отанын сүйуге, қазақ елін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар екенін эссе жазу барысында көрсетті. Оқушылар өздерінің ойларын эссе жазу барысында дәлелдеді. Ұйымдастырушы: Нурманқұлова Ұ.

15 күні 25-қазан Республика күніне орай, 8-9 сынып оқушылары арасында "Атамекен" тақырыбында диктант- конкурсы ұйымдастырылды. Диктант мақсаты: Білім алушылардың бойына өз Отанына, еліне, туған тіліне деген сүйіспеншілігін терең сіңіре білу мақсатында жүзеге асырылды. Ұйымдастырушы: Абдукаликова Б.

17.10.2022 күні 25 қазан Республика күніне орай мектепшілік өзге ұлт оқушыларымен "Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында патриоттық құттықтау чаландж ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы: Әбдіәкім Б.

18 күні 25-қазан Республика күніне орай "Дені саудың-жаны сау" тақырыбында "Біз нашақорлыққа қарсымыз" ұранымен 5-7 сыныптар арасында футболдан, 8-9 сынып оқушылары арасында волейболдан жарыстар өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға патриоттық тәрбие беру, салауатты өмір салтын насихаттау, нашақорлық адам өміріне қауіпті екенін ұғындыру.

19 күні 8-10 -сынып оқушылары арасында 25- қазан Республика күніне орай "Туған елімнің мен патриотымын" тақырыбында шығармашылық байқауы өткізілді. Байқауда Әбдіқадір Абат " Ұланымын- ұлы елдің", Байзақ Гулсезім " Мен елімнің патриотымын", Жұмабек Жансұлу " Туған жеріме" деген өз шығармаларын оқыды. Байқаудың мақсаты оқушылардың туған жеріне деген патриоттық сезімдерін білдіріп, туған еліне деген сүйіспеншіліктерің білдіру. Ұйымдастырушы: Ералиева Н.

20 күні 25-қазан Республика күніне орай "Менің отаным Қазақстан" тақырыбында 5-9 сынып оқушылары арасында мектепшілік қол-өнер байқауы ұйымдастырылды . Ұйымдастырушы: еңбек пәні мұғалімі Таубаева С.

19-қазан күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері 6-8 сынып оқушыларына 25-қазан Республика күніне тоғыз құмалақ және шашка ойындарынан жарыс өткізді. Ұйымдастырушы: дене тәрбиесі пән мұғалімдері

20.10.2022 күні 25 қазан Республика күніне орай мектеп мұражайында Кеңес Одағының батыры Қ.Әбдәлиевтың өмірімен 1-11 сынып оқушылары таныстырылып, "Өмірдеректер өрнегі" атты диктант алынды.

21.10.2022 күні 25 қазан Республика күніне орай 22 қазан күні Қазығұрт баурайынан самғай ұшып, қас жауына қырандай шүйілген Кеңес Одағының батыры Қ.Әбдәлиевтің қаза тапқан күніне орай мектеп ауласындағы ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, тазарту жұмыстары жүргізіліп, "Ұрпаққа ұлан ұлы ерлік" атты еске алу іс-шарасы өткізілді. Бұл іс-шараға қатысқан Н.Омарова жетекшілік ететін 7-а сынып оқушылары "Сағыныштан туған ой" көрінісін көрсетсе, 6"А" сынып оқушылары "Ер есімі - ел есінде" атты әдеби монтаж оқыды жетекшісі Г.Омартай, хор айтылып, билер биленді. Ұйымдастырушы: Ералиева Н.

22 күні 25 қазан -Республика күніне орай 6 - "А"сыныбының ұйымдастыруымен сынып жетекшісі: Омартай Г. "Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Сабақтың мақсаты: оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азамат болуға, Ту, Елтаңба, Өнұранды қастерлеуге және өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

22 күні 25 қазан -Республика күніне орай 3 -"А" сыныбының сынып жетекшісі Б.Жанбирова ұйымдастыруымен "Менің Отаным -Қазақстан" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатында әдеби- монтаждар, "Қаражорға" биі , Б.Жанбированың өз шығармасынан "Тәуелсіз Қазақстан" атты әні орындалды. Сабақтың мақсаты: оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азамат болуға, Ту, Елтаңба, Өнұранды қастерлеуге және өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

14.10.2022күні "Жаңа оқу жылында баларды оқыту туралы" жаңа фарматта мектепішілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа күн тәртібіндегі мәселелерді қарау мақсатында мектеп директоры Е.Е.Оспанов, ДОТЖО С.Нуржанов, Г.Муздыбаева ,директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.Нарбаева ,Ш.Байшанова, мектеп психологы Г.Мырзахметова қатысты. Жиында сынып жетекшілер ата-анамен түзген келісім шарт, буллинг және кибербуллинг жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ата-аналардың (баланың заңды өкілі) ретінде өмір қауіпсіздігі, мектептің ішкі тәртібіне қойылған мәселелерден хабардар болуды басты назарға ескертіп өтті. Сыныптардағы жолдан өтетін оқушылардың жол қауіпсіздігін сақтау, жолдан өткізу, бақылауды тікелей мектеп кезекші ұстаздарына тапсырды.

18.10.2022 күні Республика күніне орай 8-10 сынып оқушылар арасында «Әлемге таңылған - Қазақстан» тақырыбында ОҚМПУ жанынан құрылған "Болашақ" пікірсайыс орталығының спикерлері Есенгелді Ж., Қамбарбеков Н., Султанова Н., Равил А. кездесу өткізіп, дебат клубынын ашылу маусымы жарияланды.

18.11.2022 күні " Болашаққа бағдар, Рухани жаңғыру" бағдарламасын жүзеге асыру аясында сынып жетекші жұмысын ұйымдастырудағы жаңашыл бағыттар" тақырыбындағы аудандық семинар өтті. Семинарға ТОӘО әдіскері Р.Басқараева , ТОӘО әдіскері Б.Қаймолдаева "Сынып жетекшісінің ата-анамен жүргізілетін жұмыстардың формалары, сынып жетекші жұмысын ұйымдастырудың әдіс- тәсілдері" туралы аудан сынып жетекшілеріне оқыту формаларын талқылады.

Педагог- психологтар "Сынып жетекші мен оқушы арасындағы психологиялық қарым-қатынасты жақсарту" тренингін өткізіп, семинарға қатысушылар ықыласына бөленді.

Мектеп тренерлері және сынып жетекшілері Шертимова Г.Т, Нурманкулова У.Е ұйымдастыруымен «Үштік одақ:ата-ана,мұғалім,оқушы арасындағы қарым қатынасты жақсарту мақсатындағы әдіс-тәсілдер» тақырыбында шеберлік сабақ өтті. Топтық тапсырмалар,жағдаяттық тапсырмалар беру арқылы ситуациядан шығу жолдарын анықтады. «Бақытты отбасы» бейнебаяны арқылы ұстаздардың пікірлері тыңдалды. «Ерікті микрофон», «Жасырын хат», «Мағынаны ашу», «Ой қозғау» әдістері арқылы өздерін толғандыратын сұрақтарына шешім тапты. Шебер сабақ өте жоғары деңгейде өтті.

«Білім беру ұйымдарында сынып жетекші мен ата-аналар комитеті өкілдері мен тәрбиелеу үдерісін қамтамасыз ету жолдары» тақырыбында ДТЖО Қ.Нарбаева,Ш.Байшанова шебер сынып өткізді. Шебер сыныпта ақпараттық озық технологияны пайдаланды.

"Тәрбиесінде қиындық тудыратын оқушылармен жұмыс жасаудағы әлеуметтік- педагогикалық әдіс-тәсілдері" атты шебер сыныпты әлеуметті педагог Ж. Арибжанова. Семинарда қатысқан ұстаздарға АББ марапатына ұсынылды.

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің тәлімгері ералиева Нағиманын ұйымдастыруымен 8-10 сыныптар арасында ҚР Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай "Алтын күз-2022" мектепшілік байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерін таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Байқауға 170 оқушы қатысты. Алтын күздің бағдарламасы 4 бөлімнен тұрады.

1. Таныстыру
2. Өз өнерін көрсету(Ән ,би)
3. Білімділер сайысы(поэзия оқу)
4. Күзгі дәнді дақылдардан көкөністен экспозиция жасау. Байқауға белсене қатысқан оқушылар анықталып мақтау қағазымен марапатталды.

ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы " Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі", Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 4 шілдедегі "Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалау және панасыз қалуының алдын алу" номері 591 заңы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі " Білім туралы" заңы аясында Қ.Әбдәлиев атындағы жоббм 01.12.2022 күні"Зорлық - зомбылықсыз 16 күн " республикалық акциясы 9-11сынып оқушылары арасында "Біз- зорлық

зомбылыққа қарсымыз" ұранымен өткізілді. Акцияда " Біз - зорлық-зомбылықсыз отбасы үшін!!!" буктемесі таратылып, "Жеті жарғы" клубының жетекшісі Орынбаева Жазира зорлық- зомбылықтың кері әсерлерін айтып өтті. Мақсаты: әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықты жою

Мектебімізде жыл басында мобильдік топтар құрылған. Осыған орай кәмелетке толмағандардың арасындағы зорлық –зомбылықты жою жолдарында кешкі мезгілде көшеде оқушыларымызды бақылау бойынша кезекшілік кестесі түзілген. Мектепшілік есепте 3 оқушымыз тұрады. Олардың жетекшілері Асан Нурислам- Тағаев Жандар, Мақташ Жанболат – Қуанышбек Берік, Оразалы Жанболат – Амангелдиев Самат ағайларымыз бекітілген.

Тәуелсіздік күніне орай 8-9 сыныптар арасында "Тәуелсіздік биік болсын тұғырың" тақырыбында, қосымша білім беретін педагогы Әбдіәкім Б. ұйымдастыруымен мектепшілік пікірсайысы өткізілді. Пікірсайыс қорытындысы бойынша, аталған білім ордасының "Жалын" фракциясы І орынды иеленді. ІІ орынды "Алғырлар" фракциясы иеленді. Мұндағы мақсат - білім алушылардың Тәуелсіз еліміздің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Тәуелсіз еліміздің шынайы патриоты болуға, өз Отандарын сүйуге, құрмет тұтуға, аймақтық мектепшілік білім алушылар арасында ынтымақтастықты арттыру.

Тәуелсіздік - еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке, бұл күнгі жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата - бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған. Құндылығымызды сақтап келер ұрпаққа жеткізу, жастарды елін, жерін құрметтейтін патриотты азаматы етіп тәрбиелеу мақсатында Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде "Қазақстан - Отаным" тақырыбында МАД "А»,»Ә» тобтары (сынып жетекшілері: Сатымбекова Г. Борханова Ұ.) ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаты өткізілді.

2 "Ә" сыныбы (сынып жетекшісі Көбеева Р.) "ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ" атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатына ата-аналар қонаққа шақырылып, оқушылар Тәуелсіздік туралы әдеби монтаждар оқып, патриоттық ән жырларын айтып, ұлттық билерін биледі. Сабақ жоғары дәрежеде деп бағаланды.

15.12.2022 ж 16желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, «Тәуелсіздік тұғырым» атты 5 «Ә» сыныбы ашық тәрбие сағаты өтті. (сынып жетекшісі: Сатышова Жанерке) Мақсаты: Желтоқсан оқиғасының арқасында талай жылдар армандаған егемендікке қол жеткізгендігімізді,

Отанды сүюге, құрметтеуге желтоқсандықтарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.
Сабақ жақсы деп бағаланды

"Тәуелсіздік-тұғырым!" тақырыбында 6 "Б" сынып (сынып жетекшісі: Абдукаликова Б. ұйымдастыруымен) ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатында сынып жетекші мен оқушының орындауынд «Елге аманат» деген көрініс көрсетілді. Мақсаты: Оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту. Оқушыларды өз тәуелсіз елін сүюге, қадірлеуге, отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 7 "Ә" сынып оқушылары "Тәуелсіздік-Тұғырым" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Ашық тәрбие сағатында Тәуелсіздік туралы әдеби монтаждар оқылып, патриоттық әндер орындалды. Сабақ мақсаты: Оқушыларға еліміздің қысқаша тарихы туралы мағлұмат беріп, Отанды сүюге тәрбиелеу, туған елін, жерін қорғау әрбір азаматтың міндеті екенін түсіндіру. Сынып жетекшісі: Шертимова Г.

Тәуелсіздіктің 31 жылдығына арналған "Тәуелсіздік тағдырым!" атты 9 «Ә» сыныбыны (сынып жетекшісі: Құдайбергенова А.) тәрбие сағаты болып өтті. Сабақтың мақсаты; желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Іс-шараға желтоқсан оқиғасының куәгері Құдайбергенов Сәбит қонаққа шақырылды. Сабақ жақсы деп бағаланды.

14 желтоқсан күні Тәуелсіздіктің — 31 жылдығына орай "Тәуелсіздік-тұғырым" тақырыбында мектепшілік іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараға ардагер ұстаздар Жиенбек Е., Жумашов О. және ардагерлер кеңесінің төрағасы Сүлеймен Қ. шақырылды.. Тәрбие сабағы барысында Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келмегенін, тәуелсіздік жолында қаншама аға-әпкелеріміз жанын қиғанын сахналық көріністермен көрсете отырып, Тәуелсіз елде өмір сүрудің қандай бақыт екенін өз өлең шумақтарымен, ән, би, жырларымен көрсетті. Ұйымдастырушы: ұйымдастырушы педагог, ҚББ педагогы, «Еңлік - Кебек» драмалық клуб жетекшісі, 7 «А» сынып жетекшісі Омарова Назгул.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдық мерейтойымен қатар келген 5- сынып оқушыларының "Жас Қыран" және " Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы өскелең ұрпақты жоғары рухани -адамгершілік құндылықтарға негізделген Қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыру мақсатында 5 «А», «Ә» сынып оқушылары (54) ант қабылдау рәсімі болып өтті. Мектеп оқушылары мектеп президентіне рапорт тапсырып, мектеп президенті директорға рапорт берді. Іс-шара барсында мектебіміздің директоры Е.Е. Оспанов бүлдіршіндерге өзінің ыстық лебізін білдіріп Тәуелсіздіктің 31 жылдық мерекесіне орай құттықтады.Мереке соңында Кемел Балмекен – 2 «а», Сырайыл Асылжан – 3 «Б» сынып оқушылары ән орындады.

«Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығы» КММ-сі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының» 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №12-02/1620-И хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім комитеті шахматты насихаттау, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту және жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 14.12.2022 күні 4 -11 сынып оқушылары аралығында мектепішілік шахмат жарысы өткізілді. Ұйымдастырушы: дене шынықтыру әдіс бірлестігі

10 "Ә" сынып оқушылары арасында **" Менің Туым" тақырыбында насихаттау жұмыстары жүргізілді.** Оқушыларға 16-желтоқсан - ата бабамыздың арманы орындалып , жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні туралы айтылды.Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек.Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы,жігері,қоғамдық санасы екенін білу.

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Тәуелсіздігіміздің туы желбіреп, еліміздің егемендік алғанына 31 жыл толуына **орай " Менің Туым" тақырыбында 7 "Ә" сыныбы** сынып жетекшісі Шертимова Г. сабақты әнұранмен бастап, туды насихаттау жұмысын жүргізді.

8"А" сынып оқушылары арасында " Тудың тұғыры биік" атты тақырыпта сурет салу ұйымдастырылды.Оқушыларға 16-желтоқсан -ата бабамыздың арманы орындалып,жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні туралы айтылды.Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек.Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның,сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы,жігері,қоғамдық санасы екенін білу.

23.12.2022 күні «Қош бол, сүйікті Әліппем!» атты ертеңгілік өткізілді. Кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған 1 «А», «Ә», «Б» сынып оқушыларымыз, білім нәрін сусындатқан Әліппе оқулығымен қоштасты. Бүгінде әліппе оқулығынан алған білімдерін дәлелдеп, өнерлерін көрсетті. Төрт ай бойы әліппені толығымен оқып, тәмәмдап,әрбір әріпке сәйкес тақпақтарын жатқа айтты. Тілдік және әдебиеттік білімге дайындықтың алдын ала кезеңі, сондай- ақ одан кейінгі оқытудың негізі болып табылатын әліппе оқулығын аяқтаған оқушылар өте көңілді. Өлең шумақтарын айтуға машықтанған балақайлар өнерлерін ортаға салды. 1- сынып оқушыларын алғашқы біліммен

сауаттандырған Ұстазына шығармашылық табыстар тілейміз. Сынып жетекшілері: Бойтанова Қ. Мейірбекова Л. Бейсенбаева К.

27-29 желтоқсан аралығында мектебімізде «Қош келдің, Жаңа жыл - 2023» атты мерекелік думан өткізілді. Іс-шара екі күнге бөлініп өткізілді. Іс-шара кезінде кезекшілікке бекітілген мұғалімдер өз дәрежесінде жүргізіп, кеш жақсы аяқталды. Оқушылар мерекелік думанға белсене қатысты, сынып жетекшілерге алғыс айтылды.

Қаулы:

- 2022-2023 оқу жылындағы ІІ –тоқсан тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын
- Тәрбие сағаттарын өткізген мұғалімдер мектепшілік марапаттарға ұсынылсын, атап айтқанда; Омарова Н., Шертимова Г., Көбеева Р.,Құдайбергенова А., Абдукаликова Б.,Сатышова Ж.,Сатымбекова Г., Борханова Ұ., Мейірбекова Л.,Бейсенбаева К., Бойтанова Қ. және музыка пән мұғалімі П.Идрисова
- Үйірме, клуб, секция жұмыстарын жүргізілуін үлестіру, кестесін қайта құрып, оқушыларды тарту, жылына кемінде екі іс-шара өткізуді қамтамасыз ету ҚББП Б.Әбдіәкімге жүктелсін